

ӘОЖ 821.512.122

**М.ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «САҒЫНЫШ»  
КОНЦЕПТІСІНІҢ КӨРІНІСІ**

**Жумадулла Динара Досанқызы**

[Zhumadulla\\_dinara@mail.ru](mailto:Zhumadulla_dinara@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 – курс магистранты

Нұр – сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші: А.С.Мұхтарова

«Сағыныш» сөзіне түсіндірме сөздікте: «Аңсаған тілек, құмартқан сезім» деген, ал осы сөздің түбірі болатын «сағын» етістігіне «Көруге құмарту, аңсау, үнемі аңсары ауып, ойлап жүру» деген анықтама берілген [1, 524.]. Демек сағыныш – ескіде болған бір іске, өткен өмірінің бір жолында қалған адамға, кезеңге, оқиғаға бүгінгі күндегі сезім. Яғни, ол қазір жоқ. Бірақ санада, жүректе өмір сүреді де, өлең жолдарында көрініс табады. М. Жұмабаев өзінің сағыныш сезімін түрлі тілдік бірліктер арқылы жеткізеді. Ақынның сағынышы еліне, жеріне, анасына, сүйген жарына деген ыстық сезімнен туған. «Сағыныш» концептісі базалық концепті болып есептелінеді. Себебі бұл концепт барлық халыққа ортақ ұғымдар жиынын құрайды. Кез келген концептіні зерттеу барысында лингвомәдени ерекшелік басты межеге

айналады. Концепт әлемнің тілдік бейнесінің фрагменттерін қамтиды. Сол секілді қазақ тіліндегі, оның ішіндегі М. Жұмабаев тіліндегі «сағыныш» концептісінің типін анықтау үшін ұлттық мәдени ерекшелік, этностық қабылдау есепке алынады. Сағыныш сезімі белгілі бір субъектіге немесе объектіге де болуы мүмкін. Егер адамның сағынышы субъектіге бағытталса, субъектінің сағынған адам үшін маңызы жоғары екендігі айқындалады. Себебі сағыныш адамға бағытталғанда махаббат ұғымымен шектесіп кетеді. «Сағыныш» сөзіне семалық талдау жасау барысында оның жақсы көру, аңсау, бауыр басу, құштар болуы, ынтызар болу, көруге асығу сезімдерімен астасып жатқандығын байқай аламыз. Өйткені «сағыныш» оң лексикалық мәнге ие болып, адамның сезімін, қалауын танытатын категорияға айналады.

«Сағыныш» концептісінің жалпы халыққа ортақ екенін айттық. Ол барлық тілде вербалдана алады. Мысалы, татар тілінде «сағыныш» концептісінің мынадай мәндері белгілі: «а) сезім; ә) физикалық сезім; б) психологиялық күй-жай; в) адамның айналасында пайда болатын белгілі бір кеңістік; г) белсенді күш; ғ) субстанция» [2, 10]. Қазақ тілінде де сағыныш адамның психологиялық жай-күйін, сезімін танытатын ұғым болып саналады. М. Жұмабаев шығармаларында да сағыныштың осындай белгілері көрініс табады.

М. Жұмабаевтың өмір жолына зер салсақ, ақынның «сағыныш» турасында жыр жазуы, «сағыныш» концептісін өлеңдеріне арқау етуінің өз уәжі бар екеніне көз жеткіземіз. Ол 1929 жылы Мәскеу түрмесіне қамалып, он жыл бас бостандығынан айырылады. Өмірінің соңғы жылы да түрмеде қамауда болғанын ескерсек, ақынның «сағыныш» сезімінің өлең болып ақтарылуының негізді екеніне көз жеткіземіз. Ақынның «Өткен күн», «Сарғайдым», «Түрмеде», «Тұтқын», т.б. өлеңдерінің тақырыбында-ақ сағыныштың белгісі есіп тұр. Алайда ақын өзге де шығармаларында өз сағынышын жеткізіп отырады. М. Жұмабаев жырлауындағы «сағыныш» концептісі сағыныш сөзінің өзі арқылы, синонимдес сөздері негізінде, сағыну мәнін білдіретін жекелеген сөздер арқылы, сағыныш сөзіне жанама қатысты тілдік бірліктер арқылы көрінеді. Мысалы,

Мінекей, *қамаудамын* тар үңгірде,

Мұнысы – көмгені ғой тірі көрге.

Мейірімді Ай, мені дағы жаныңа алшы,

Болайық екі мұңдық біздер бірге [3, 37].

«Айға» деп аталатын бұл өлеңінде ақын өз сағынышын, мұңын айға қарап айтады, аймен сырласады. Мұнда ақынның елінен, анасынан жырақта екенін «қамаудамын» сөзі білдіріп тұр. Яғни ақын тар қапаста, қамауда жатқандықтан, өзінің өткен күнін ойлайды, елін, жерін, жақындарын сағынады. Демек бұл өлең жолдарында М. Жұмабаев «сағыныш» концептісін өз үйінен алыста екендігімен білдіреді. Мұндағы «сағыныш» концептісінің құрамына енетін, жанама мәндегі тілдік бірлік – «қамауда» сөзі.

«Сағыныш» сөзі өткен іске деген аңсауды, өткен шықты білдіретіндіктен көп жағдайда бұл концептіні айқындауда грамматикалық формалардың рөлі басымырақ болады. Мәселен

*Салушы ем* асау тайдай қойныңда *ойнақ*,

*Жүруші ем* ертеңді-кеш ылғы ойнап.

Ішуге ас, мінуге ат – бәрі даяр,

*Көрмеп ем* өмірімде қайғы ойлап [3, 37].

\*\*\*

Алалы алтын сақа *атыспап па ек?*

Тебісіп бір төсекте *жатыспап па ек?* [3, 45].

деген өлең жолдарында ақынның сағынышын өткен шақтағы «ойнақ салушы ем», «жүруші ем», «көрмеп ем», «атыспап па ем», «жатыспап па ем» етістіктері жасап тұр. Өлеңнің буын санына байланысты ықшамдалған жедел өткен шақтағы, бірінші жақтағы іс-әрекетті білдіретін сөздер ақынды өткенге сапар шегуге итермелейді. Екінші үзіндідегі сұраулық шылаудың қатысуынан ақын «сағынышының» еселеп тұрғаны байқалады. Өйткені сағышты хабарлы мәнде жеткізуден, сұрау салу арқылы жеткізудің стилистикалық мәні жоғары. «Сағыныш» концептісі эмоционалды категорияға жатады. Себебі сағыныш

адамның ішкі жан дүниесінде орын алады. Сағыныштың формасы, субъектісі мен объектісі түрлі болуы мүмкін. Ол шығарма авторының өмір сүру дағдысына, өмір жолына тікелей байланысты. Яғни жеке автордың «сағыныш» концептісінің қалыптасуы экстралингвистикалық факторларға тікелей байланысты. Демек автор танымындағы «сағыныш» ұғымын қалыптастыратын тілдік бірліктерді тізбектегенде «сағыныш» концептісінің ядросына жататын сөздермен қатар, автор үшін маңызды оқиғаларды, оның өміріне қатысты жағдаяттарды ескеруіміз керек. М. Жұмабаев үшін сағыныш көп жағдайда оның үйінен жырақта, абақтыда болуымен байланысты. Ақын қамауда отырып өткен күнге сапар шегеді, сол шақты аңсайды, жақындарын сағынады, бұрынғы мезеттерді қайта басынан кешіргісі келеді. Ақынның мұндай көзқарасы оның өлең жолдарында қолданылған тілдік бірліктерінен, өлеңге арқау болған идеясынан, грамматикалық формалар мен сөйлем жүйесінің құрылу ерекшеліктерінен де білініп отырады.

Арқамды **аңсап**, қар қаладан шығармын,

Қоңыр жырмен сонау қыңыр іңірдей [4, 96].

Мұнда «сағыныш» концептісін «аңсау» етістігі жүзеге асырып тұр. «Аңсау» тура мәнінде сағыныш сөзінің мәніне жақындасады. «Сағыну» мен «аңсау» сөздерінің арасында стилистикалық айырмашылық болса да, жалпы «сағыныш» концептісінің құрамына, ядросына «аңсау» сөзіне ене алады. Себебі олардың семалы мәндерінде ортақтық бар.

«Сағыныш» ұғымын үстеу мәніндегі сөздер де бере алады. Мысалы,

**Көрмеймін кеше жүрген қыр-сайды да,**

Күндіз – Күн, түнде – күміс нұрлы Айды да [3, 45].

Бұл үзіндіде «сағыну» мәнін «көрмеймін» етістігімен қатар «кеше» мезгіл үстеуі жасап тұр. Бұл тілдік бірліктер берілген мәнмәтінде ғана «сағыныш» концептісінің семантикалық өрісін толықтыра алады. Себебі «кеше» үстеуі артта қалған мезгілді береді, ал «сағыныш» тек бұрынғы болған іс-әрекетке деген сезіді, эмоцияны білдіреді. Демек «сағыныш» уақыт жағын өткен шақты білдіреді.

«Сағыныш» ұғымының семантикалық кеңістігінде өкіну, аңсау, қайғыру мәндері болғандықтан, осындай мәндегі одағайлар да «сағыну» ұғымын беруге қатыса алады. Мысалы,

**Япырмай**, айырылдық па қалың топтан,

Шабылып қайтпайтұғын жауған оқтан [3, 45].

Мұндағы «япырмай» одағайы өкіну мәнін беріп, өткен күндегі болған істі аңсайтындығын, «қазір» содан айырғанына қайғыратындығын білдіру арқылы «сағыныш» концептісінің құрамдас бөлігін енеді.

«Сағыныш» концептісі «сағынудан, аңсаудан» туындайтындықтан, «сағыныш» сөзінің семантикалық өрісіне динамикалы іс-әрекетті білдіретін сөздер енеді. Яғни «сағыныш» концептісінің түбіріндегі етістік өз семантикалық өрісіне осы сөз табынан болған сөздерді топтастырады. Мысалы,

Күз **сарғайтты** қайыңды,

Мен де бірге **сарғайдым**.

Қара бұлт жауып айымды,

**Жылаймын, күйем, зарлаймын**[3, 71].

Мұнда автор сағынышын «сарғаю» етістігімен береді. Қазақ тілінде «сағынып-сарғаю» плеоназм қос сөзі қалыптасқан. Яғни «сарғаю» сөзі өзінің ауыспалы мағынасында тікелей сағыну мәнін береді де, «сағыныш» концептісінің ядросына енеді. Ақын бұл үзіндіде «сарғаю», «сағыну» процесін параллелизм құбылысы арқылы жасайды. Қайыңның сарғаюы мен өзінің сағыныштан «сарғаюын» қатарластыра алып, салыстыра сипаттайды. «Сарғаю» процесі өсімдіктерге тән, көктемде бүршік жарып, гүлдеген өсімдіктер күзде сарғайып, жерге түседі. Осы процесс қазақ танымында «сағыныш» сөзімен ассоциацияланады. Тілімізде «сағыныштан сарғаю» қолданысының да бар екені белгілі. Тармақ соңындағы «жылаймын», «күйемін», «зарлаймын» етістіктері де «сағыныш» мәнін білдіріп, концептінің семантикалық өрісін толықтыру үшін қызмет етіп тұр. Өткенді сағынған, аңсаған лирикалық кейіпкер

сағыныштан «жылайды», «күйеді», «зарлайды». Бұл етістіктер мәнмәтінде «сағыныш» концептісінің құрамына еніп, семантикалық өрістің шектергі аймағына жатады. М. Жұмабаев сағынышын білдіруде «сарғаю» етістігін жиі пайдаланған.

*Саргаямын* қараңғы үйде қамалып,  
Ағаң сорлы көрді бейнет ауырын [3, 73].

\*\*\*

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым.

*Саргайдым* ғой, сорлы анамды *сағындым*.

«Қарашығым, құлыным!» деп зарлаған

Алыстағы сорлы анамды *сағындым*[3, 136].

«Сағыныш» концептісі барлық халыққа ортақ әмбебеп концепті болып саналады. Яғни адамның эмоционалды ойлау жүйесіндегі барша адамға тән сезім болғандықтан, сағыныш ұғымына қатысты тілдік бірліктер барлық тілде бар. Десе де «сағыныш» мәнінің индивидуалды, жеке адамға қатыстылығы жөнінен түрліше вербалдануы мүмкін. М. Жұмабаевтың «сағыныш» концептісін сипаттауда «сарғаю» етістігін жиі қолдануы оның өмір жолымен байланысты. Даланы, сыртқы әлемді көрмей, абақтыда оқшауланып қалған ақын өзінің «сағыныштан сарғайған» кейпін көп жырлайды. Ақынның сағынышы «сағыну» етістігімен де беріліп, «сағыныш» концептісінің эксплицитті түрін жасауға қызмет етеді. Демек «сағыну» етістігі «сағыныш» концептісінің кілт сөзіне айналады. Мысалы,

Сорлы ағанды *сағыныпсың, ойлапсың*,  
Жылар ма едің жүрегіңе ой сыйса? [3, 73].

\*\*\*

N- жан, көрмегелі көп ай болды,

*Сағындым, жүрегіме қасірет толды.*

*Ең соңғы* көрісуім бақшада *еді*,

Қыс болды, *бақша да өлді, гүлдер солды*[3, 117].

Жоғарыда келтірілген үзінділерде «сағыну», «ойлау», «жүрекке қасірет толу» сөздері ақынның сағынышын тікелей білдіретін тілдік бірліктер болса, «ең соңғы», «еді», «өлді», «солды» сөздері «сағыныш» концептісін толықтырып тұрған шектергі аймаққа жататын тілдік бірліктер болып саналады. «Ойлау» етістігі жеке тұрғанда «сағыныш» концептісінің семантикалық өрісіне жатпайды, мәнмәтіндегі (контекст) қолданылуы арқылы сағыныш мәнімен бірге жұмсалып тұрғандығын көруімізге болады. Ал «жүрекке қасірет толу» адамның әбден сағынып, қайғыға салынуынан, өткен шаққа жете алмай әуреге түсуінен болады. Сондықтан сағыныш ақын жүрегің қасіретке толтырады. Автордың «ең соңғы» сөзін қолдануы да өткен мезетті есіне алатындығын, есінде қалған соңғы сәттің ақынға сағыныш болып оралатындығын білдіреді. М. Жұмабаев өз сағынышын өткен шақтағы грамматикалық формалар арқылы да жеткізеді. Мұнда «еді», «солды», «өлді» жедел өткен шақ формасындағы етістіктер іс-әрекеттің өткен шақта, бұрын болғандығын айшықтап, автордың сол кезеңге сағынышын жеткізу үшін қолданылған.

Сағыну процесі адамның жан дүниесінде өзге де процестердің орын алуына, түрлі сезімдерді басынан кешіруіне алып келеді. Сондықтан М. Жұмабаев «сағыныш» концептісінің аясын адам эмоциясына әсер ететін, ішкі дүниесінде жүзеге асатын іс-әрекеттерді сипаттау арқылы жеткізеді. Мысалы,

*Жанамын, күңіренемін, жұбанамын,*

Сенімен бірге жүрген күндерді ойлап [3, 118].

\*\*\*

Уға толды жас жүрегі, *жабықтым*,

Таныс дауыс ести алмай, *зарықтым*[3, 88].

Байқағанымыздай, автор «сағынышын» жеткізуде үнемі бірінші жақ формалы етістіктерді қолданған. Демек М. Жұмабаевтың сағынышы автордың тарапынан, автордың «мен» формасынан бастау алады. «Жанамын», «күңіренемін», «жұбанамын», «жабықтым», «зарықтым» етістіктері – автордың сағынуынан туындаған іс-әрекеттер. Ақынның ішкі жан

дүниесіндегі эмоционалды жай-күйі мен сезімдері «сағыныш» концептісіне динамикалы мән үстейді.

«Сағыныш» концептісін білдіруде бұл сөздің семантикалық өрісіне тікелей енбейтін сөздер де қолданылуы мүмкін. Мысалы,

Сәлем сөзім *алыстағы еліме*,

*Алыстағы* ақ селеулі беліме [3,188].

Мұнда автордың сағынышын «алыс» сөзі жеткізіп тұр. Яғни «алыс» сөзі өзінің лексикалық мәнінде «шалғай», «жырақ» мағынасын беріп, «сағыныш» сөзімен семалық белгісі жағынан жақындасады. Сағыныш сөзінің астарында алыс, бұрын, өткен деген мағыналар жасырынған десек, ақын өзінің «алыста алған еліне» сәлем жолдау арқылы сағынышын жеткізеді. Демек «сағыныш» концептісіне семалық талдау негізінде ортақтығы бар сөздер де, семантикалық өрісті толықтыруға мүмкіндік береді. Себебі сағыныш жақындағы объектіге, тап сол сәттегі жағдайға туындайтын сезім емес, сағыныш жырақтағы жандарға, өткен шақтағы іс-әрекетке бағытталған сезім болып саналады. Сондықтан «сағыныш» концептісінің шектергі аймағына алыс, жырақ, шалғай сөздерін де жатқызуымызға болады.

М. Жұмабаев шығармаларындағы «сағыныш» концептісі еліне, жеріне, туған-туысқандары мен жақындарына, анасына, сүйген жарына деген ыстық сезімін білдіруден туындаған. Автор «сағыныш» концептісін қалыптастыруда өткен шақтағы іс-әрекетке, бұрынғы болған жағдайларға, өзінен жырақта қалған адамдарға бағытталған тілдік бірліктерді жұмсайды. М. Жұмабаев «сағыныш» концептісінің семантикалық өрісінің ядросына енетін сөздер арқылы да, мәнмәтінде айқындалатын жанама мәндегі сөздер негізінде де толықтырып отырған. Автордың «сағыныш» концептісі оның өміріндегі орын алған оқиғалармен тікелей байланысты. Сондай-ақ, автордың өмірінің үштен бірі қамауда өткендіктен үнемі «сағыну» мәнін беретін жыр ретінде көрініс тауып отырған.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том / Құраст: А.Фазылжанова, Н.Оңғарбаев, Қ.Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
2. Василова А. Лингвокультурный концепт «сагыш» (тоска) в татарской языковой картине мира. автореф.дисс. кан.фил.наук. – Казан, 2006. – 20 с.
3. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. Өлеңдер, дастандар, әңгімелер. Т. 1. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.
4. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. Өлеңдер, дастандар, аудармалар. Т. 2. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.